

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе облысы  
Әйтекеби ауданы  
Аралтоғай селосы  
С.Оразалин атындағы  
жалпы білім беретін орта мектебі



Республика Казахстан  
Актюбинская область  
Айтекебийский район  
село Аралтоғай  
ОСШ имени С.Оразалина

Қазақстан 50 жылдығы № 8, телефон: 23-0-19 факс: 23-0-19 E mail: orazalin.om@mail.ru

### Бұйрық № 17

ҚР Оқу - Ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мекемесінің 6 - желтоқсан 2022 ж Шығыс хат негізінде

### БҰЙЫРАМЫН:

1. ҚР – ның 2007 жылғы 27 шілдедегі Білім туралы № 319 Заңның 59-бабы, 4 – 1 бөлімінде «Білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін – өзі бағалауды жүргізу бойынша төмендегідей құрамда комиссия мүшелері құрылсын:

Дошаев А – комиссия төрағасы, мектеп директоры

Комиссия мүшелері: Акимова Г.А. – мектептің оқу ісі орынбасары

Б.Б. Нугыманова – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.Х. Жалғасбаев – кәсіподақ төрағасы

Л.У. Жалғасбаева – педагогикалық кеңес хатшысы.


Ж.А.Кенжеғалиева – педагог – психолог

Г.А.Сағынтаева – әлеуметтік педагог

2. Комиссия мүшелері өзін – өзі бағалау өлшемшарттарға сәйкес толық нақты жүзеге асырылуын қадағаласын.

3. Өзін – өзі бағалау анықтамасы мектептің интернет ресурсына орналастыруды Ж.Дошаеваға міндеттеймін.

5. Осы бұйрықтың жүзеге асуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:  А. Дошаев



**Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы**

**Ақтөбе облыстық білім басқармасының Әйтеке би  
ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің  
«Сейдалы Оразалин атындағы жалпы орта білім  
беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
қызметін өзін – өзі бағалау қорытындысы**

**2022жыл**

## I. Жалпы сипаттама

### 1. Білім беру ұйымының толық атауы

Ақтөбе облыстық білім басқармасының Әйтеке би аудандық білім бөлімінің Сейдалы Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

### 2. Білім беру ұйымының орналасқан жері:

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аралтоғай ауылы, 50 жылдық Қазақстан 8, пошта индексі 030106 БИН: 970540001747

### 3. Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон: 87133923019

Электронды пошта: seidalı.orazalin@yandex.kz

### 4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Мектеп директоры: Дошев Абылай Абдикапарович

Байланыс телефоны: 87053802261

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2012 жылғы 27 қараша №165 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалды.

### 5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар

Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысының әділет департаменті мемлекеттік қайта тіркеуі 2018 жылы 14 мамырда жүргізілді.

### 6. Рұқсат беру құжаттары:

Лицензия: 28.01.2021ж №KZ 93LAA0002064

7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама: Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы Ақтөбе облыстық әкімшілігі мекемесінің 2019 жылдың 17 қараша №10624DD

Мектептің 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың бағдарламасы жоспарланған.

Бағдарламаның іске асыру 3 кезеңнен тұрады:

I кезең-2020-2021 жж.

Білім саласын дамыту бойынша негізгі шараларды іске асыру және білім беруді дамытудың басты міндеттерін қамтамасыз ететін кіші бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың аясында МТБ-ны жаңарту;

II кезең-2021-2023 жж.

- Білім беру жүйесін дамытудың инновациялық бағытын қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;

- Жаңа білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу;

- Мектепте білім беру жүйесіне қосымша ресурстарды тартуға жағдай жасау.

III кезең – 2024-2025 жж.

Мектептің білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыру, жұмыс нәтижелерін жалпылау.

Мектептің өзекті мәселесі үш жылға арналған.

Өзекті мәселе: «Жаңа технологияларды пайдалана отырып, саналы тәрбие, білім беру».

Мектептің өзекті мәселесі бойынша алға қойылған міндеттері:

- ҚР жалпыға білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын оқушыларға меңгерту;
- Жеке оқушылардың шығармашылық, рухани және мәдени, сауықтыру және спорттық мүмкіндіктерін дамыту;
- Отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен басқа да халықтарының тарихи әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді және үш тілді саясатты меңгерту;
- Оқушыларға жан-жақты еңбек пен жаһандық деңгейлердегі қойылатын талаптарға сай сапалы білім беру;

- Салауатты өмір ұстанымдарын дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау;
  - Оқушыларды ұлтжандылыққа, елжандылыққа, ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелеу.
- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабы 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2020 жылы 5 қыркүйектегі №18 бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы хатшыны есептегенде 7 адамнан тұрады.

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

2021-2022 оқу жылында С.Оразалин атындағы ЖОББМ «МАД» тобына 15-тәрбиеленуші қабылданды. Оның 9-ұл, 6-қыз. Қыркүйек айында ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрығымен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен 1-қосымшасына сәйкес үлгілік оқу жоспарына сәйкес жылдық перспективалық жоспар құрылды.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балаларға 5-сала бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді. Оқытудың күтілетін мақсаттар мен міндеттері толық қамтылып, оқушылардың қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылығы, әлеуметтік білім, білік дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік дағдыларды ерте жастағы балаларды қалыптастыру мақсатында жүйелі түрде жұмыстар жүргізілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша аудандық «Тәуелсіздік күніне орай» ұйымдастырылған сайысқа қатысып, мақтау қағазын иелендік. Сынып бөлмесі «ұлттық бұрыш»-пен жабдықталған. Өтпелі тақырыптарға сай ұйымдастырылған оқу іс әрекеттерде ұлттық дәстүрлер, ұлттық ойындар, әдеп-ғұрыптарды насихаттау мақсатында сабақтар өткізілді.

3) Мектепте мектепалды даярлық тобына арнайы кабинет бекітілген, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жиһазбен жабдықталған, пәндік кеңістік дамытушы орта құруға арналған ойын алаңы бар. Жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін құрал жабдықтармен жабдықталған.

4) Мектепке дейінгі даярлық тобында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша арнаулы орта білімі бар І-педагог жұмыс жасайды. Педагог: Бултекова Ғалия Салыққызы. Еңбек өтілі: 8-жыл. Педагогтың мектепалды даярлық бойынша барлық іс құжаттары жинақталған, талапқа сәйкес.

5) Мектепалды даярлық тобында ерекше білімді қажет ететін бір оқушы бар: Әділетұлы Әзиз. «Тугоухость справа IV-степени, слева III-степени». Арнайы оқыту бағдарламасын қажет етпейді, барлық оқушылармен бірге оқытылады, алдыңғы партада

оқытуды және мұғалімнің жеке көмегін қажет етеді. Балалармен қарым-қатынасы жақсы, сабаққа қызығушылығы жоғары,зейіні,есі,ойлауы тұрақты.

б)Баланың даму мониторингісі,жеке даму карталары әр оқушының білім,білік дағдыларына сәйкес жасалынған.

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнының иегері бойынша қорытынды даму мониторингі

Топ	Бала саны	Дағдыларды қалыптастыру деңгейі.														
		Денсаулық сақтау дағдылары.			Коммуникативтік тілдік дағдылары.			Танымдық дағдылары.			Шығармашылық дағдылары.			Әлеуметтік дағдылары.		
		I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
МАД	15	-	2	13	-	6	9	-	14	1	-	2	13	-	9	6
Әр сала бойынша даму көрсеткіші.		-	13,3%	86,6%	-	40%	60%	-	93,4%	6,6%	-	13,3%	86,6%	-	60%	40%

7)Денсаулық,қатынас,әлеумет,таным,шығармашылық салалары бойынша танымдық зияткерлік байқауларға қатысып,нәтижесінде Халықаралық «Пони» байқауынан Қабыланбай Сұлтан 1-орын,Сариман Мансур 1-орын,Жұмабек Томирис 1-орын,Әміржан Марғұлан 1-орын,Жанғазы Әбілмансур 1-орын,Әзірбек Бек 3-орын,Рыскелдіқызы Жангүлім 3-орын иеленді. Аудандық Тәуелсіздік күніне орай өткізілген шығармашылық сайыста – 1 орын иеленді. Республикалық Білімқиде журналына сынып суреті жарияланды. Халықаралық Үркер ойын – байқауынан Саижан Аянат, Жұмабек Томирис 1 орын Дипломмен марапатталды.

8) Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнының иегері бойынша бастапқы даму мониторингінің нәтижелері.

Топ	Бала саны	Дағдыларды қалыптастыру деңгейі.														
		Денсаулық сақтау дағдылары.			Коммуникативтік тілдік дағдылары.			Танымдық дағдылары.			Шығармашылық дағдылары.			Әлеуметтік дағдылары.		
		I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
МАД	15	-	12	3	2	10	3	-	14	1	-	14	1	1	13	1
Әр сала бойынша даму көрсеткіші.		-	80%	20%	13,3%	66,6%	20%	-	93,3%	6,6%	-	93,3%	6,6%	6,6%	86,6%	6,6%

9) Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 17-сағат, вариативтік компонент 3-сағат. Апталық оқу жүктемесі күніне 25-30 минуттан 4-ұйымдастырылған оқу қызметі өткізіледі. Апталық оқу жүктемесі сақталған.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу жұмысын – «қанағаттанарлық» деп бағаланды.

13.1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі :

Мектептің оқу-тәрбие үрдісінің басты міндеті:

Мемлекеттік білім беру стандарт талаптарын қамтамасыз ете отырып, мектептің әрбір білім алушысына сапалы білім мен тәрбие беру, алған білімді өмірлік жағдайда қолдану білігі жоғары, әлеуметтік бейімділігі жетілген, дене бітімі дұрыс дамыған, жан-жақты, рухани бай тұлға қалыптастыру.

2021-2022 оқу жылын ұйымдастыру Ақтөбе облысының тұрғындары арасындағы коронавирус инфекциясының алдын – алу жөніндегі шектеу карантиндік шараларды күшейту туралы Ақтөбе облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 7.09.2021 жылы №ПГГСВ №35 қаулысын басшылыққа ала отырып, бір кабинет жүйесінде штаттық режимде әр кабинетке антисептик, мектеп кіреберісіндегі антисептик және антиковрикпен қамығылып, АШНҚ жобасы іске қосылып, бір жақты қозғалыс негізінде арнайы таңбаланып, оқу процесі санитариялық талаптарды толық сақтай отыра ұйымдастырылды. С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес.

13.2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестесінің болуы.

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 7 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 5 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 2 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 6-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

10 сынып бойынша оқу жоспары жаратылыстану-математикалық бағытта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 31-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

11 сынып жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша оқытылады. Оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығына 1 – қосымшасы басшылыққа алынып жасалған. 2021-2022 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары МЖМБС талаптарына сәйкес.

Мектептегі сабақ кестесі санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар талаптарын ескере отырып және оқу уақытын ұтымды пайдалана отырып, білім алушылардың шамадан тыс жүктемесін болдырмау мақсатында барлық сыныптар үшін оқу күні мен апта бойы күрделі сабақтардың кезектесуін ескере отырып құрылды. Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық

қағидаларының талаптары басшылыққа алынды. Білім беру ұйымының оқу жоспары мен сабақ кестесі МЖМБС талаптарына сәйкес жасалынған.

13.3. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2-қосымшасы, 3-қосымшасы, 4-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымшасы, 6-қосымшасы, 31-қосымшасына оқу жоспарына сәйкес және бастауыш білім беру оқу бағдарламасы 2018жыл, 10 – мамыр, 199 бұйрық, негізгі орта білім беру бойынша 2017жыл, 25-қазан, 545 бұйрық, 10- 11 класс ҚР БҒМ 2019жыл 7 – наурыз, №105 бұйрық негізінде апталық сағат сандары мен жылдық сағат сандары сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын мұғалімнің күнтізбелік – тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары арқылы тексеріп, сынып журналына түсірілген, күнтізбелік-тақырыптық жоспары, күнделікті сабақ жоспары және электрондық сынып журналдары. Барлық сыныптарда күнтізбелік жоспардағы сағат саны журналмен сәйкес келеді. 2021-2022 оқу жылы тоқсанның әр айы бойынша оқу бағдарламасының орындалуы толық жүзеге асырылды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын бағдарламаға сай толық орындалды.

13.4. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа ілімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

Тәрбие ісі меңгерушісінің педагогикалық шеберханасы класс жетекшісінің анықтамалығы журналы, басқа да тәрбие жұмысына қатысты оқулықтар мен әдістемелік құралдармен, нормативтік құжаттармен қамтамасыз етілген.

Мектеп қызметінің оқу-тәрбиелік үрдістің негізгі мәселелері бойынша мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым өз қызметтерін нормативтік құжаттардың талаптарына сай жүргізіп, сонымен қатар мемлекеттік білім беру стандарттарының орындалуын қамтамасыз етеді. Мектеп мемлекеттік тіл қазақ тілінде білім беретін мекеме болғандықтан оқу-тәрбие жұмысы мен іс-қағаздар мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Мектепте 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жоспарымен сапалы және заманауи тәрбие жұмысының жүйесін жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізілді.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда спортзалмен жабдықталған. Мектеп бойынша оқушылардың тәрбиелік деңгейінің диагностикасы жүргізіліп қорытындысы бойынша жоғары деңгейді көрсетті.

Дәстүрлі түрде «Денсаулық фестивалі» Тіл мерекесі, Тәуелсіздік күні, Студенттермен кездесу кеші, Наурыз мейрамы, 1-мамыр қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған фестиваль, 9-мамыр жеңіс күні, әскери-патриоттық айлық, Рәміздер күні т.б. іс – шаралар өткізілді.

Білім алушылар үшін өзін-өзі басқару – ол бос уақытын тиімді және үнемді пайдалану, құқығын және мүддесін қорғау, жаңа бастамаларына қолдау мен дамытудағы көмек. Білім алушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту үнемі әлеуметтік жауаптылықты кеңейтуді, өмірінде кездесетін мәселелерді шешуге көмектеседі.

Мектепте ата – аналармен ынтымақтастығын нығайту, жас ұрпақты отбасындағы қарым – қатынас арқылы азаматтық құндылықтарды түсінуге жетелеу адамгершілікке,

ойшылыққа баулу, Ата –аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық және психологиялық біліктілігін жетілдіру мақсатында ата-аналармен бірлесе отырып маңызды іс-шаралар атқарылды. Ата-аналар комитетімен бірігіп отырып «Мектеп және отбасы» тақырыбында бірінші жалпы ата-аналар жиналысы өтті. «Зорлық зомбылықсыз-балалық шақ», қаңтар айында «Тәрбие тал бесіктен», мамыр айында «Бала-біздің болашағымыз» тақырыптарында жиналыстар өткізілді.

Класс жетекшілер бірлестігі «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру мақсатында жұмыс істеді. Әр класс жетекші өз класының тәрбие жоспарына тәрбиенің барлық бағыттарын қамти отырып жұмыстар жүргізді. Яғни класқа және әр оқушыға жеке мінездеме, өткен оқу жылына талдау, класс ұжымымен, ата-анамен нақты жұмыстар, тәрбие процесіне мониторинг жүргізілді. Осы жүргізілген жұмыстар әр оқушының, ұжымның, класпен жұмыс жасайтын педагогтың жұмысының деңгейін көрсетті. Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша кеңес құрылып жоспары бекітіліп жұмыстар жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша жүргізілген жұмыстар педагогикалық кеңесте, класс жетекшілер бірлестігінде әлеуметтік педагогпен, психологпен жүргізіліп қаралды және нәтижесі шығарылып отырылды. Мектеп «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ», «Бүкіл әлем мен үшін» акциясына, «Тәртіп сақшылар» тобына қатысады. Сонымен қатар учаскелік полиция 5-11 класс оқушылары арасында «Жасөспірімдердің жауапкершілігі», «Қылмыс пен жаза», «Жасөспірім және қылмыс» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын, Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында маңызды іс-шаралар атқарылды. «Мәңгілік ел-болашағы біртұтас ел» атты патриоттық форум, «Оқуға құштар мектеп» аясында «Кітап әлеміне саяхат», «Өзін оқы-өзгемен бөліс» акциясы, «100» ән жобасы жұмыстары жүргізіліп қорытындыланды.

Мектепте «Жас қыран», «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы жұмыс жасады. Жыл бойы мектепшілік линейкада оқушылардың жылдық есебі беріліп, жыл соңында «Білімпаздар, өнерпаздар, шыныққандар жетер жеңіске» атты кешенді сайыстың қорытындысы бойынша А.Халелина 5 сынып жетекшісі иеленді.

Бағдарламаға сәйкес тәрбие жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп мониторингісі жасалынып отырылды.

13.5. Білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркемдік – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс – әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі)

2021 жылғы 31 тамызы күнгі мектеп директорының үйірме жетекшілерін тағайындау туралы №31/4 - ж/қ бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге (0,5) бірліктермен жүктеме берілді :

1. Г.Сағынтаева - «Алақай» (0,5)
2. Ж.Усманова – «Айналайын» ән үйірмесі (0,5)
3. А.Алиева- «Шабыт» би үйірмесі (0,5)



Биылғы оқу жылында үйірме жұмыстары жүйелі жүргізілді. Салауатты өмір салты бағытында секция жұмыстары уақытылы жүргізіледі. Білім алушылар бос уақыттарында да келіп футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннистерінде ойнайды. Оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыру (оқушылардың денсаулығы және олардың әртүрлі спорттық- сауықтыру қызмет түрлерімен қамтылуы);

13- 17 қыркүйек аралығында «Денсаулық фестивалі 2021» апталығы болып өтті. 1-4 сыныптарда «Денсаулық – адам өмірі үшін ең басты құндылық», 5-6 сыныптарда «Салауатты өмір салты», 7-8 сыныптарда Коронавирустық инфекцияның алдын алу», 9-10 сыныптарда «Жұқпалы аурулардың алдын алу», 11 сыныпта «Мінез-құлықтық қауіп факторларының алдын алу» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті. 16 қазан- Дұрыс тамақтану күніне орай сынып сағаттары болды. 22-26 қараша аралығында «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» тақырыбында апталық болып өтті. Медбике Дошаева Галия коронавируc індетінің алдын алуға байланысты оқушыларға кеңес берді. 1-11 сыныптарда Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күніне орай «СПИД-ғасыр өлі өмір», «Біз СПИД-ке қарсымыз!» тақырыптарында тәрбие сағаттары болып өтті. 24-28 қаңтар аралығында «Зиянды заттардан аулақ бол!» тақырыбында апталық болып өтті. «Есірткісіз әлем үшін» тақырыбында акция өтті. 26 қаңтар күні «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында «Қызғалдақ» қыз балалар клубымен мектеп медбикесі кездесу өткізді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында, 5 сынып білім алушылары арасында «Алғырлар! Мықтылар! Күштілер!» тақырыбында эстафета өткізілді. «Жас Ұлан» балалар ұйымының "Жастар зиянды заттарды қолдануға қарсы" атты іс – шара өтті. Денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған бастауыш сыныптарда «Салауатты өмір салтының алтын ережелері», 5-6 сыныптарда «Зиянды және пайдалы әдеттер», 7 сыныптарда «Темекінің зияны» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті.

Патриоттық тәрбиелеу және білім беру ұйымының кеңістік-пәндік ортасын ұйымдастыру (мемлекеттік нышандар, тақырыптық стендтер, плакаттар т.б.);

1 қыркүйек – Білім күні. Мектебімізде Білім күніне және жаңа оқу жылына арналған сынып сағаттары бірінші сынып білім алушыларына мектеп қабырғасында, ал қалған сыныптарға сынып сағаттары онлайн форматында өтті. Кезекші сыныптарда оқитын бірінші сынып білім алушыларын санитарлық талаптарға сай мектеп қабырғасында қарсы алып, мерекелік сынып сағаттары өткізілді. Бастауыш сыныптарда Ата Заңымыздың 25 жылдығына орай, 5-8 сыныптарда Ұлы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына тәрбие сағаттары өтті. Мемлекеттік тілдер мерекесіне орай білім алушыларды отаншылдық, патриоттық рухта тәрбиелеу, Ана тіліміздің мәртебесін көтеру мақсатында жоспарланған барлық тәрбие сағаттары жоспарлы өткізіліп, инстаграм желісінде жарияланды. «Қазақстандық 100 жаңа есім» жобасы бойынша елімізде 2017 жылдан бері көптеген ел азаматтары танылуда. Олардың әрқайсысының өздеріне тән таланттары бар. Барлығы да еліміздің руханиятының қайта жаңғырылуына сүбелі үлестерін қосып жүр. Іжелтоқсан-Президент күніне арналған "Көшбасшы" танымдық сағаты өтті. Мектеп кітапханашысы балаларға Елбасы туралы жазылған кітаптармен таныстырды. Балалар өздері оқыған кітаптары туралы әңгімеледі. 5-6 сыныптарда «Қазақтың тұңғыш Президенті-қазағымның мақтанышы», 7-8 сынып білім алушыларымен «Елбасы-тәуелсіздігіміздің тірегі», 9-10-11

сыныптарда «Елбасы ел тірегі, ел сенімі», «Елбасы өмірбаяны және жасампаз идеялары» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерей тойы қарсаңында, мектеп қабырғасында 11 желтоқсан күні Республикалық «Жас Ұлан» бірінші балалар мен жасөспірімдер ұйымның қатарына қабылдау салтанатты жиыны өтті. Төтенше жағдайларға байланысты кезекші сыныптарда оқып жатқан 22 бірінші сынып білім алушы «Жас Қыран» тобына салтанатты түрде қабылданды. Жиында мектеп директоры Дошаев Абылай білім алушыларды құттықтады. Жиын барысында барлық снитарлық талаптар сақталды. бесінші сыныптың 14 білім алушысы «Жас Ұлан» тобына салтанатты түрде қабылданды. Салтанатты жиынға өткен мектеп директоры А.Дошаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен сынып жетекшілер қатысты. Салтанатты жиында мемлекеттік гимн орындалып, топ басшылары ант тапсырып, төсбелгілері тағылды. «16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні» тақырыбында кітап көрмесі. «Қазақстанның мәңгілік жері - Ұлы Дала Елі! » тақырыбында білім алушылардың шығармашылық жұмыстарының көрме композициясы ұйымдастырылды. 12 желтоқсан күні «Мен Тәуелсіз Қазақстанды бейнелеймін» тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. 14 желтоқсан күні барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өтті. Ата-аналар, білім алушылар онлайн құттықтаулар жолдады. Патриоттық әндер, күйлер орындалып, тәуелсіздікке арнау өлеңдер оқылды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында 1-6 ақпан аралығында Алаш қайраткерлерін дәріптеу мақсатында өткізілетін жоспарлы іс-шаралар өткізіліп, инстаграм желісіне жарияланды.15 ақпан күні өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары , қайсар жауынгер ағалар ерлігін үлгі ете отырып, Ауған соғысында опат болғандар рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында 10 және 11- сыныптарында “Ауған соғысы: отқа оранған он жыл”. Ауған соғысының 32 жылдығына арналған тарихи сағаттар өткізілді. Наурыз айында білім алушыларға Чернобыль апатының салдары, тигізген зияны мен зардаптары, елімізден аттанған ерлігі өшпес жауынгерлері туралы түсінік беру мақсатында 6-7 сыныптарда "Чернобыль - жалпы ауырсыну және трагедия тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. 29 сәуір күні білім алушылардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу мақсатында «Бейбітшілік-ел тірегі» тақырыбында өткізілген бірінші тәрбие сағаттары өтті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының төрт жылдығына арналған 11-22 сәуір аралығында іс-шаралар жоспарланып, «Дәстүр және ғұрып» жобасы аясында 4- сыныбында «Қазақстан –достықтың киелі мекені, ынтымағы жарасқан құтты мекен» , 5 - сыныбында “Рухани жаңғыру - болашаққа бағдар”, 6 сыныбында « Мәңгілік ел» ұлттық идеясының тарихи негіздері », 8 сыныптарында " Үш тілде білім беру - жаңа технология тілі мен жаңа байланыс құралы", 10 сыныбында "Халық ауыз әдебиеті ", 9 сыныбында «Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі отбасылық әдет-ғұрыптар мен салт –дәстүрлер», 11 сыныпта «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

13.6.Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру:

10-11 сыныптардағы білім алушылар жаратылыстану – математика бағыты бойынша бейінді оқытудың стандартты деңгейі оқытылды. Барлық оқушылар физика, химия, география, биология пәндерін Оқу жоспарына сәйкес бөлінген сағат сандарына сай

күнітзбелік тақырыптық жоспарлары жасалынып, жылдық сағаттарына сәйкес жүргізіліп, күнделік кз электронды журналында түсіріліп, формативті бағалау түрлерін уақытылы толтырылған. Бейінді оқытудың стандартты деңгейі талапқа сай жүзеге асырылған.

13.7.Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру

Балаларды мектепшілік және мектептен тыс шараларға қатыстыру арқылы ортаға тартып, гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезінде спорттық шаралар мен шығармашылық үйірмелерге қатыстыру арқылы олардың жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;

Жауаптылар: М.М. Колганатова - әлеуметтік педагог, Н.А. Жүгінісова - тәлімгер

2021-2022 оқу жылында мектептің әлеуметтік диагностика жүргізу нәтижесінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8 бабы 5 тармағы негізінде -3 бала тіркелді. ПМПК қорытындысы нәтижесінде 2 білім алушыда сыныпта оқиды. Үйден оқитын оқушы жоқ.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуын ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынды. Ерекше қажеттілігі бар білім алушылармен педагогикалық – психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді

Үйден оқытылатын білім алушылардың ата – аналарымен кездесіп, инклюзивтік және үйден оқытуға байланысты кеңестер берілді. Отбасылардың тұрмыстық жағдайын зерделеу жұмыстары жүргізілді.

2021-2022 оқу жылының тамыз-қыркүйек айларында ерекше білімді қажет ететін 3 білім алушының құжаттары жинақталды. Оқушылардың тізімі жасакталып, диагноздарымен таныстырылды.

Үш оқушыда ПМПК бекіткен ұсыныс негізінде жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған барлық білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспары оқу бағдарламамен оқытылды. Арнайы бағдарламаны қажет етпейді. Мұғалімнің жеке көмек арқылы білім беру жүзеге асырылды.

№	Оқушылар аты жөні	Туған жылы айы күні	класс	Пмпк қорытындысы
1	Бауржанов Саят Бауыржанұлы	13.11.2004	11	OS Смешанный астигматизм. Амблиопия высокой степени
2	Сәлімжанұлы Ихсанәли	23.11.2013	2 «а»	Индивидуальный подход, работа логопедом, психологом
3	Насрадин Бағдат	09.07.2015	1 «а»	Индивидуальный подход, работа логопедом, психологом

Ерекше білім беруді қажет ететін 11 – сынып оқушысы Бауыржанұлы Саят Ерекше үлгідегі аттестат алып, оқу орнына орналасты. 1 – сынып оқушысы Нажмадин Бағдат 1 – сыныпта аяқтауда қойылатын талаптарға сай, сөздік қоры мол, әріптерде толық танып, қосып жүргізіп оқиды. 2 – сынып оқушысы Сәлімжанұлы Ихсанәли 2 – сыныпты аяқтайтын оқушыларға қойылатын талаптарды қанағаттанарлық деңгейде меңгерген. Мұғалімнің жеке көмегін көп қажет етеді. Пән мұғалімдері ерекше білім алушыларға

арнайы жеке тапсырмалар беру арқылы сабақты меңгертеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға арналған іс – құжаттар толық жинақталған. Ерекше білім алушылар өз деңгейлеріне сай білім алуда.

13.8. 2021-2022 оқу жылының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығына 2-қосымша «Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 58 тармақшасы бойынша әр сыныпқа қабілеті жоғары және дарынды оқушыларды шығармашылық ізденушілікке баулу мақсатындағы сабақтан тыс жұмыстар үшін үйірмелер, ғылыми жобалар ұйымдастыруға әрбір сыныпқа (*аттасына 9сағат*) 0,5 жүктеме мөлшерінде сағат бөлінді. Бұл сағаттар барлық сыныптарда білім алушылардың сұраныстарымен мүмкіншіліктерін ашып, білімдерін тереңдету және функционалдық сауаттылығын көтеру мақсатында таңдау курстары есебінде жүргізілді. Пәндерді таңдау кезінде білім алушылар мен ата-аналардың сұранысы және педагогтардың кадрлық әлеуеттік мүмкіншіліктері ескерілді.

Оқу жоспарына қамтылған вариативтік курстар:

*Таңдау курстары*

1-4 сынып-5сағат

5-9 сынып-5 сағат

10-11 сынып— 7 сағат

*Элективті курстар*

5-10 сынып-8 сағат

Барлық вариативтік курстар саны-25 сағат. Вариативтік сағаттар жаратылыстану – математика бағытында жасақталған, 1 – сыныпта – 33 сағат 2 – 11 кластарда - 34 сағатқа толық жасалынып, негізгі сабақтан тыс уақытта арнайы сабақ кестесі құрылып, арнайы жасалған тақырыптық жоспары негізінде, уақытылы жүргізіліп, күнделік кз электронды журналына толтырылып, жыл соңында есептелінді. 2021-2022 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілді. Вариативтік компоненттегі факультативтердің жүргізілуі талапқа сай. Вариативтік компонент үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалынған.

13.9. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу.

Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсына іске асыру жұмысы қаралды. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 3-қосымшасы 4-тарауы 1-параграф 75-тармағына, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 4-қосымшасы 4-тарауы 1-параграф 81-тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Мектепте «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы 1-4 сыныптарда 16 сағат «Дүниетану» оқу

пәні, 5-9 сыныптарда 15 сағат жүктемемен дене шынықтыру, 10-сыныпта 12 сағат, 11-сыныпта 16 сағаттық жүктемемен «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» міндетті оқу пәндерінің аясында іске асырылғаны анықталды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы 1-11 сыныптарда «Дүниетану», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери дайындық және технологиялық дайындық» оқу пәндерінің шеңберінде жоғарыда аталған жылдық оқу жүктемесімен іске асырылады.

13.10. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру.

Осы өлшемшарт бойынша 2021-2022 жылдар аралығында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру жұмысы қаралды. Курс мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақыттарда сынып жетекшілерімен тақырыптарын көрсете отырып іске асырылған. Күнітзбелік - тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілген. Міндетті сынып сағаттарынан тыс білім алушыларға жолда жүру ережесін меңгерту мақсатында «Абайлаңыз, балалар!» акциясы, «Қауіпсіз мектеп» жобасы аясында «Назар аудар, бағдаршам!» онкүндіктері ұйымдастырылып, өткізілген.

Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-ші сыныптан бастап 8 - сынып аралығында жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып жүргізілген. Міндетті оқу курсының жүргізілгендігі Күнделік.кз электронды журналында берілген

13.11. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес құжаттар ұсынылды. Құжаттарды зерделеу барысында кезеңдер бойынша талаптар сақталған. Білім беру ұйымы оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар қызметкерлермен қамтамасыз етілді. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарлары бойынша әзірленген оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар 40 педагог оқытушы кадрлармен жасақталды. Пәнді оқыту мұғалімдердің біліктілігіне сәйкес берілді. Педагогтардың жоғары және техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі, негізгі жұмыс орны мектеп болғандығы, сотталмағандығы, санаты, медициналық тексеруден өткені, курстан өтуі, жетістіктері, оқытатын пәні туралы мәліметтер ұсынылды. 10 қосымшаға сәйкес Сейдалы Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 40 педагог жұмыс жасайды. 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 1 спорт нұсқаушысы жұмыс жасайды. Педагогтардың біліктілік санаты бойынша 2021-2022 оқу жылында 40 педагогтің 5-і педагог зерттеуші, 12-і педагог сарапшы, 11 педагог -модератор, 2-і педагог, бірінші санатты-4, екінші санат-6. Бастауыш сыныптарға сабақ беретін педагогтер саны -16. Оның ішінде педагог шебер-жок, педагог зерттеуші-2, педагог сарапшы-4, педагог модератор-5, бірінші санат-0, екінші санат-0, педагог-1. Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагог зерттеуші, педагог сарапшылардың үлесі-37,5%. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру бойынша 5-11 сыныптарға сабақ беретін педагогтер саны-25. Оның ішінде педагог зерттеуші-3, педагог сарапшы-8, педагог модератор-4, бірінші санат-2, екінші санат-1, педагог-7. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагог зерттеуші мен педагог сарапшылардың үлесі-52%. Сейдалы Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі жалпы орта білім беру ұйымына жатады. 2021-2022 оқу жылында 236 оқушы білім алуда. Оның ішінде бастауыш сыныпта-118, 5-9 сыныптар аралығында-86, 10-11 сыныптар бойынша-32 оқушы бар.

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
Әйтеке би ауданы, Аралтоғай селосы, 50 жылдық Қазақстан 8	мектеп асханасы	№ D.01X.KZ62VWF00054429 06.12.2021	ИП Кеншинбаева Гулян Рамазановна

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулыға сәйкес әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары мен қамқоршылық кеңесі ұсынған көпбалалы отбасы балалары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр.

Білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы туралы мәлімет

Оқу жылы	2021-2022
Оқушы саны	236
Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылар саны	25

13 - қосымша: Пайдалы оқу алаңы, материалдық - техникалық базасының болуы туралы мәліметтер ұсынылған. Мектеп 450 орындық, 2 қабатты типтік жобада салынған, Аралтоғай селосы, 50 жылдық Қазақстан №8 үйде орналасқан, мектеп ғимараты 1980 жылы іске қосылған. Материалдық-қаржылық активтері бар, мемлекеттік меншік 18 оқу кабинет, 1 мәжіліс зал, 1 спорт залмен қамтамасыз етілген, әлеуметтік-тұрмыстық, оның ішінде өткізу пункттері, санитариялық тораптар (унитаздар-4, қол жуғыштар-4) бейнебақылау (19) бар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған, кіру жолдары, ақпараттық - навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен, баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықталған, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен боялған. Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер көрсетілген. Ғимараттың жалпы алаңы: 3063,6 ш.м., ішкі жұмыс алаңы: 2167,3 ш.м.; пән кабинеттері 18, физика, химия, биология пәндері бойынша пән кабинеттерінде оқу-зертхана жабдықтары алынған. Мәжіліс залы, спорт залы бар, 1 информатика кабинеті, жеке пайдалануға арналған шкафтар, бейнекамералар бар.

Кітапхана 63,2 ш.м. орналасқан, Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер берілген. Кітап қоры – 11632 дана, оқу пәні бойынша кітап саны 7763, білім алушы саны 236, оқу-әдістемелік, көркем, ғылыми әдебиеттер 3861, әдістеме саны 143, электронды оқулық саны 873 болып қамтамасыз етілген. Педагог кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер бойынша біліктілік талабына сәйкес келеді.

14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

14.1. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы. Аталған өлшемшарт бойынша 2021-2022 оқу жылының жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы

көлеммен сәйкестігі сақталған. Оқу жылын зерделеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 29 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта-34 сағаттан, 8-сыныпта–36 сағаттан, жалпы орта білім беруде 39 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

14.2.білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы. Көрсетілген өлшемшарт бойынша құжаттарды зерделеу барысында оқу жылдары бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Сынып журналдарын, жұмыс оқу жоспарын және сабақ кестесін қарау барысында пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталғандығы анықталды. Білім беру ұйымы таңдаған үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған. Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2021-2022 оқу жылдарының инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемі ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі «Kundelik.kz» электронды журналынан зерделеніп, толтырылғандығы анықталды. 2021-2022 оқу жылында жеке және топтық сабақтар негізгі сабақ кестесінен тыс уақытта өткізілетіндіктен, «Kundelik.kz» электронды журналының қосымша білім беру бөлімінде толтырылған.

14.3.Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Оқу жылдарында инвариантты және вариативті компонент бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілді. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілді. Оқу жылдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда жүргізілді. Сыныптарды топқа бөлу барысында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері есепке алынған. 2021-2022 оқу жылында ерекше оқытуды қажет ететін 3 оқушы бар.

Бастауыш білім беру деңгейінде орыс тілі, шетел тілі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/цифрлық сауаттылық, негізгі орта білім беру деңгейінде орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, технология/көркем еңбек, информатика, дене шынықтыру, жалпы орта білім беру деңгейінде орыс тілі, шетел тілі, информатика, технология, дене шынықтыру пәндері бойынша бөліп оқыту 9 – сыныпта жүзеге асырылған.

15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

15.1. ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер).

2021-2022 оқу жылдарындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім беру салалары бойынша оқу пәндерінен білім алушылардың дайындық деңгейі «Күнделік» электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілген. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында әрбір пәннен мұғалім білім алушылардың білімдерін жүйелі тексерген, ағымдық бақылау жүргізілді. Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім беру мазмұнының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында қорытынды бақылау өткізілді. Аралық және қорытынды аттестаттау жұмыстары хаттамамен рәсімделді. Мектеп бітіруші түлектерге қорытынды аттестаттау нәтижесінде негізгі және жалпы орта білім беру туралы аттестат беру 2021 жылғы 11 маусымда өткізілген, педагогикалық кеңесте қаралып талқыланды.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 2-қосымшаға сәйкес бағалау:

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын бірінші санат және педагог зерттеуші, педагог сарапшылардың үлесі ( 37,5%)

1.1. бөлімі бойынша бағасы-«zhagsy»

Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі (52%.) 1.2. бөлімі бойынша бағасы-«uzdik»

11- қосымшаға сәйкес мектепте медициналық кабинет бар, мектепте 1 медбике жұмыс жасайды. Жоғарғы категориялы медбике – Г.Дошаева білім алушыларға медициналық қызмет көрсетеді. Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасынан медициналық кабинетке лицензия алынған. Лицензияның номері №10624DD уақыты: 07.11.2019ж Медициналық кабинет қажетті медициналық жабдықтармен жабдықталған. Медициналық үстелмен, медициналық кушеткамен, кварц лампы, ширма, бой өлшегіш пен салмақ өлшегіш құралдары, зарарсыздандырылған материал салатын бикспен камтылған.

11-қосымша Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
Аралтоғай селосы 50 жылдық Қазақстан 8	№10624DD 07.11.2019ж	

12- қосымшаға сәйкес тамақтандыру объектісі, асхана бар. Мектеп асханасы жалға беріліп, мемлекеттік сатып алу бойынша тендерге түскен. Асхананы жалдаушы ИП «Кеншинбаева Гулян Рамазановна » (Кеншинбаева Г.)жалға алып, жұмыс жасайды. Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер берілген. 60 орындық мектеп асханасы жабдықталған.

№ D.01X.KZ62VWF00054429 06.12.2021 санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қорытындысы алынған.



2021-2022 оқу жылында 235 оқушы білім алды. Білім сапасы - 63% құрайды. Бақылау барысында білім алушылар оқу бағдарламасын меңгергендігі анықталып, білім алушылардың оқу жетістігінің деңгейі бағаланған. Сейдалы Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша бейнеконтенттегі инвариантты компоненттегі пәндер бойынша мұғалімдердің сабақтары қаралды, сабақтың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігі, формативті бағалаудың өткізілуі, педагогтың кері байланыс жасауы, білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуы, әрбір білім алушыға жеке көңіл бөлу, сабақта цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану, мұғалімдердің оқыту үдерісінде белсенді әдіс –тәсілдерді қолдануы, өзге де оқыту үдерісі зерделенді.

15.2. 2,3,4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау. Аталған өлшемшарт бойынша үй тапсырмасына қойылатын талаптардың сақталуын «Kundelik.kz» электронды журналынан қаралды.

Үй тапсырмасын (бір оқу күніне) беруде орындауға жұмсалатын уақыт шығыны ескерілген, үй тапсырмасының көлемі мен мазмұны бойынша білім алушылардың орындау мүмкіндігі бар. Білім алушылардың мүмкіндігі ескеріліп берілген үй тапсырмалары бойынша талаптар сақталған.

15.3. Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

2021-2022 оқу жылындағы сынып журналындағы бағалау kundelik.kz ақпараттық жүйесімен, қаралды. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Сонымен қатар, оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындыларын шығару жұмыстары жүргізілген. Білім алушылар бағалануы сынып журналына қойылған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде қойылған. 2-11-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау бойынша баллы қойылған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген. Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. 2021-2022 оқу жылындағы kundelik.kz электронды журналындағы формативті бағалар қоры жеткілікті. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілді. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

15.4. МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау.

Оқу жылдарында білім беру ұйымында әрбір адамның өзіндік ерекшелігіне қарай қолайлы жағдай қалыптастырылды. Оқу жетістері бағаланып сынып журналдарына түсірілді. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, барлық білім алушыларға сапалы білім алуына, әлеуметтік бейімделуге және өз қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берілді. Танымдық қажеттіліктері мен жеке

ерекшеліктері есепке алынды. Білім алушының оқу процесінде көрінетін жетістіктері мен қиындықтарына сүйене отырып, түзету шаралары жүргізіліп отырады. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу процесін іске асыруда қарым-қатынас орнатылған. Оқу процесін тұлғаның жеке ерекшеліктерін есепке алу негізінде ұйымдастырып, барлық білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етіліп отырады. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар педагогпен бірге өз қызметтерінің кері байланысын жүзеге асырып отырады. Мұғалімнің күнделікті қысқа мерзімді жоспарында, ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған жеңілдетілген жеке тапсырмалар дайындалып отырады. 2021-2022 оқу жылында 3 оқушыға үлгілік оқу жоспарға сәйкес жасалып бекітілген жұмыстық оқу жоспары бойынша түзету жұмыстары жүргізіліп отырады. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту түзету және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары жүргізілді.

16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

16.1. тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау.

2021-2022 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылды. Мектеп директорының бұйрығымен 1-сыныпқа қабылдау, 10 - сыныпқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, оқушылар жинақталыны. Педагогикалық кеңесте қаралып, талқыланды. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар, жинақталған.

16.2. сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау. Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілді. Оқу жылы 1 қыркүйекте басталып 25 мамырда аяқталады. Оқу жылының басталуы туралы мектеп директорының бұйрығы шығарылды.

Оқу жылы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын, 5-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. 2021-2022 оқу жылында 1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында) қысқы – 17 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 16 қаңтарды қоса алғанда), белгіленді. Барлық сыныптарда оқу жылының ұзақтығы мен оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығының талаптары сақталды.

«Сейдалы Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқу-тәрбие жұмысын зерделей келе төмендегідей ұсыныстар береді:

- Жас мамандардың білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан жүйелі түрде өткізу,
- Арнаулы орта білім деңгейлерін жоғары білімді мамандыққа жетілдіруін ұйымдастыру;
- Педагог кадрлардың біліктілік санаттарын арттыруға жағдай жасау;
- Сабақ жоспарын оқу мақсатына негіздеп құра отырып, оқыту үдерісіне оқушыларды ынталандыру;

#### Қорытынды

Тексеру барысында білім саласындағы нормаларына қайшы келетін құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. Мектеп қызметін және ішкі тәртібін іске асыратын құқықтық құжаттары жасақталған. Білім саласындағы бағдарламалары орындалуда және мектепке қойылатын талаптары заңнамаға сәйкес келеді. «Сейдалы Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттау барысында білім беру ұйымының қызметін өзін өзі бағалау жұмыстарының нәтижесі бойынша

мемлекеттік аттестаттау комиссиясы «Сейдалы Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін аттестаттауға ұсынылады.

Мектеп директоры:



А.Дошаев

Комиссия мүшелері:




Г.Акимова




Б.Нугыманова




Р.Жалгасбаев



Л.Жалгасбаева



Ж.А.Кенжеғалиева



Г.А.Сағынтаева

